

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ТАҒЫ БІР ЖЕТІСТІК



Әлемге әйгілі «National Geographic Қазақстан» журналының қазақ тіліндегі алғашқы саны жарыққа шықты. Елімізде мемлекеттік тілде таралатын тұңғыш шетелдік басылымның алғашқы санында Елбасы Н.Назарбаевтың құттықтауы жарияланған.

Беделді баспа бренді Орта Азияға алғаш рет қадам басып, соның ішінде Қазақстанда қазақ тілінде жарияланып отыр. Алғашқы санның бірінші бетінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хаты жарияланған. Онда Елбасы: «Мен әлемге әйгілі басылымның Қазақ жерінде, қазақ тілінде жарық көруін ана тіліміздің халықаралық деңгейдегі тағы бір жетістігі деп бағалаймын», - деп атап өтеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ұлы даладағы айшықты табиғат пен шежірелі тарихты, кең-байтақ Қазақстанның туристік әлеуетін дәйекті деректермен баяндап, әлем жұртына жан-жақты насихаттау еңселі елдіктің белгісі екенін айтады.

Бүгінгі күні осынау ғылыми-танымдық географиялық журналы республикамыздың барлық өңірлеріндегі газет-журнал сататын дүңгіршектеріне табуға болады.

Беделді баспаны шығарушылардың айтуынша, журналдың басты мақсаты – Қазақ елінің баға жатпес әрі қайталанбас бай табиғатын, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемін насихаттау, сондай-ақ отандық ғалымдар мен зерттеушілерді жан-жақты қолдау. Бұдан бөлек, журнал ағымдағы жылы біркрат экспедициялар ұйымдастырып, фотокемелер өткізуді де жоспарлайды.

Айта кетейік, «National Geographic» географиялық қауымдастығы 1888 жылдың қаңтарында құрылып, әлемдегі ең ірі коммерциялық ұйымға айналған болатын. Географиялық білім мен ғылымды насихаттап, тарту мақсатында құрылған ұйымға алты ай өткенде, 1888 жылдың қазанында әлемдік журнал алғаш рет жарық көрді. Оның жаһандық миссиясы ғылым, білім және қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларына қолдау білдіру болды. Қауымдастық осы бағытта 9000-нан астам жобаны қаржыландырған.

National Geographic әлемнің 38 тілінде шығатын журналдан бөлек кітаптар басып, телебағдарламалар мен фильмдер түсіріп таратады.

Осылайша, 128 жылдан бері өз дәстүрін қалыптастырған беделді басылым бүгінде 80 мемлекетке таралады. «National Geographic» қауымдастығының қамтитын аудиториясы 600 миллион адамнан асады.



ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРДІ

Кеше ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Владимир Фоос кандидаттардың, саяси партиялардың және азаматтардың өтініштерін қарау тәртібін түсіндірді.

ОСК төрағасының орынбасары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 49-бабына сәйкес сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайтындығын атап өтті.

– Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды. Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруші өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға және оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті, - деп ол.

В.Фоостың айтуынша, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, олардың лауазында адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады. Соттар, прокуратура органдары мен сайлау комиссиялары өз жұмысын сайлау процесі кезінде, оның ішінде демалыс күндері және сайлау өтетін күні, шағымдарды қабылдау мен қарауды сайлау туралы заңда белгіленген мерзімде қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырады.

● МЕМОРАНДУМ

“G-GLOBAL” ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШПАҚ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «G-GLOBAL Халықаралық хатшылығының» басшысы Серік Нөгербековпен ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Аймақ басшысы бұл құжаттың «жасалы» экономика, туризм, эко-туризмді дамытуда және инвестиция тартуда маңызды зор екендігін ерекше атап өтті.

– Бұл меморандумның аймақ дамуындағы маңызы зор. Өздеріңіз білетіндей, «G-global сұхбат алаңы» Елбасының бастамасы негізінде құрылған болатын. Астана экономикалық форумы, «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне қатысу – хатшылықтың негізгі жобаларының бірі. Ол бүгінде өзінің маңыздылығы мен тиімділігін айқындап, әлем сарапшыларының жоғары бағасына ие болды. Оған ақпараттық коммуникациялық кеңістікте 140 мыңнан аса қолданушының басын біріктіріп, 750 онлайн-конференция өтуіне негіз болғандығы айқын дәлел. Ал бүгінгі арада орнған іскерлік байланыстың аясында біз ел дамуы үшін өтекті мәселелерді шешудің жолдарын бірлесе қарастыратын боламыз. Демек, алдымызға үлкен мақсаттар мен міндеттер тұр. Бұл орайда бізге G-global тарапынан көрсетілетін қолдау мен көмектің маңызы зор, - депі облыс әкімі.

Өз кезегінде Серік Нөгербеков облысымызда атқарылып жатқан келелі істерге оң бағасын берді. Сонымен қатар бірлесіп жұмыс жасауға ынталы екендігін жеткізді. Осылайша тараптар ынтымақтастық келісімге қол қойып, арадағы байланысты одан әрі нығайта түсті.

Айта кетейік, Елбасы бұған дейін «G-GLOBAL» жобасы аясында өтекті экономикалық мәселелерді талқылау үшін қажетті алаң қалыптастыру, қатысушылардың кең ауқымын тарта отырып, жаһандық дағдарыс көріністеріне қарсы амалдарды бірлесіп іздеу негізгі мақсат екендігін атап көрсеткен болатын. Ендеше, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде маңызды роль атқаратын осы келісім дағдарысты еңсеруде де үлкен қолдау болады деген сенім бар.

Мәлім ҚОЖАХМЕТОВА.



ЕКІНШІ МӘРТЕ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Тайланд астанасы – Бангкокта 18-21 ақпанда күрес түрлерінен Азия чемпионы аяқталды. Байрақты бәсекеде еркін күрестен 61 келі салмақта сынға түскен жерлесіміз Дәулет Ниязбеков елінің туын көкте желбіретіп, Әнуранын шырақтаты. Шешуші белдесуде иран спортшысын 10:0 есебімен ұтып, еліміздің абдыройын асқақтатты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әбубәліп Амановтың шәкірті осылайша екінші жыл қатарынан Азияны бағындырып отыр. Ол өткен жылы Дохада өткен чемпионатта топ жарған болатын.

Нағымжан САУЯЕВ.

23

АҚПАН
СЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№27 (19112)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



● БАСТАМА

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Соңғы жылдары заманауи жаһан көшіне ілескен біздің елде «стартап» сөзі сәнге айналды. Ол қандай мағына береді? «Start-up»-ты ағылшын тілінен тура аударғанда – «іске қосу» дегенді білдіреді екен. Мұны бизнеске «жаңа идея – жаңа компания» дейді. Қарапайым тілмен айтқанда, жаңа бір табыстың көзін табуға әуеспіз кетіп, оны іске асыруға кіріссеніз, соны «стартап» деуге болады. Бизнесің ашу және дамытудың алғашқы қадамы. Сонымен қатар, стартап – нарықтың кез келген саласына тән компания. Алайда, мамандар мен сарапшылардың пікірінше, стартаптың нақты анықтамасы жоқ. Өркім өзіне сипаттайды.

«Стартап» термині туралы мәлімет алғаш рет 1976 жылы «Форбс» журналының бетінде жазылыпты-мыс. Онда бұл құбылысты жаңа технологиялар мен инновацияларға негізделген саламен ұштастырған. Содан да бөлек, көбінесе, нарық іші стартап жобаларды IT жобаларға «байлан қойған». Мәселен, әлемге танымал стартап жобалардың дені ғаламтормен байланысты. Атап айтсақ, Facebook, Википедия, YouTube, Flickr, Twitter және басқа да әлеуметтік желілер. Ал Қазақстанда Ticketon.kz, Akula.kz, «Отпимум», it-fril.kz секілді стартап жобалар табысқа жетіп отыр.

Әйтсе де, қазіргі заманда бизнес бастаманы жаңа технологияның көмегімен жүзеге асырып, көпшілікке таныта алмайтыныңыз анық. Біздің жағдайда, «жаңа технологияға негізделген» дегенді осылай деп түсінген жөн. Өйткені, қандай да бір салаға қатысы болмасын, өз ісінді қолға алсаңыз, IT жетістікке жүгінуге тура келеді. Тауарыңызды ғаламтор арқылы нарыққа насихаттап, ұпай жинайсыз. Сондықтан, даму сатысындағы кез келген жобаны стартап десек, қателеспейміз.

Қалай дегеннің өзінде, стартап – жобалардың «бағын» ашатын инвестиция. Ол болмаса, арманға жету бейпі тұрсын, жанбай жатып сенеді де қалады. Жалпы, қаржының жетіспеушілігі – стартаптың өзіне тән ерекшелігі. Бұл ретте, Қазақстан жыл сайын жаңа жобаларды жүзеге асыруға қыруар қаржы бөліп келеді. Жасыратын несі



Қолжазба Қ.Орабаевтың.

бар, «мың өліп, мың тірілген» стартаптар да жетерлік. Өйткені, белгілі бір деңгейге жеткен кезде стартап жоба қайта қарап, қайта дамыту қажет етеді. Кәсіпкерлердің кейбірі бұған дайын болмай шықты. Десек те, білік пен ірі кәсіпкерлер, инвесторлар кәсіпкерлікті демеу, дамыту саласында айтарылықтай тәжірибе жинады. Кәсіпкері бұдан былай өздеріне сабақ болады. Сондықтан, биылғы жыл стартапшылардың жылы болады деген болжам бар. Болж, байлам болар. Себебі, стартап-төңкеріс жаңа деңгейге өткілі тұр. Бұл – көңгі сарапшылардың пайымы. Олардың пікірінше, әлемдік экономикалық дағдарыс денден тұрған дәл осы кезең – стартапты инвестициялайтын және оны дамытатын шешуші кезең. Егер стартапшының жобасы көзге еленерліктей және тығынлықты жоғарыласа, ол инвестор тарапынан міндетті түрде қолдау табады және қаржысын құяды. Әйтпесе, ел экономикасы ғана емес, бауқатты кәсіпкердің бизнесі де тоқырауға ұшырайды. Шегінерге жол жоқ. Сондықтан, кәсіп ашуға ниеті бар адамдар белсенді қимылдап қалуы керек. Тек бір ғана шарт бар, ол – ұсыныстың

нақты болуы. Ал мемлекеттік қолдау аясында қаржы ұйымдары мен инвесторлар құйған қаражатының құмға сіңген судай болуын қаламайды. Далада жатқан ақша жоқ. Әсіресе, дағдарыс уақытында мұндайға жол бергісі келмейтіні анық. Сол себепті, жаңа бизнесін дамытуда стартапшыларға белгілі бір деңгейде қолдау болады. Ал мемлекет тарапынан жасалатын жеңілдік де жетерлік. Стартапшы жобасы табыс әкеліп десе – өз ісіне шында берілуі тиіс.

Саралай келе, 2016 жылды стартап-төңкерістің жылы деуге негіз бар. Осы сөзімізге айғақ ретінде өз өңірімізді тілге тиек етуге болады. Стартапшылардың қолдауа, оларға қолайлы жағдай жасауда Сыр өңірі республикада оза шауып тұр десек, артық айтқандық емес.

Мәселен, өткен жылы аймақта тіркелген кәсіпкерлер саны 7,8 пайызға артты. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Бұған қоса, жақында халық алдында есеп берген аймақ басшысы «2016 жылы біз кәсіпкерлікті қолдауды еселеп арттырамыз» деп қадап айтты. Жалпы алғанда, биыл шағын

бизнесі қаржылай қолдауды өткен жылмен салыстырғанда 4 есеге арттыру жоспарлануда. 2016 жылы барлық қаржы көздерін қоса есептегенде, шағын бизнес пен кәсіпкерлік бастаманы қолдауға 3,2 миллиард теңге қаржы бөлінеді.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен Өңірлік кәсіпкерлер палатасын тарту арқылы «Микробизнес-Қызылорда» пилоттық жобасы қолға алынды. Ол үшін 600 миллион теңге қаржы қарастырылған, оның 300 миллион теңгесін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бөледі.

«Даму» қорының бағдарламаларымен бірге облыстық бюджеттен 500 миллион теңге бөлінбек. Яғни шағын бизнесті несиелендіруге «Даму» қорынан бұрынғыдан екі есе көп, жинағы 1 миллиард теңге қарастырылып отыр.

Сонымен қатар, жыл сайын облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған «Лукойл» мұнай компаниясының «Ақниет» бағдарламасы аясында Қармақшы, Жалағаш пен Сырдария аудандары тұрғындарына грант куәліктері табыс етіліп келеді. Яғни, үш жылдың ішінде тапшылық зор болғанымен, қолдың қысқалығынан іс бастай алмай жүрген 250-ден астам азаматқа 1 миллион теңгеге дейін қайтарымсыз қаржы берілді. Бұдан бөлек, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы да атсалысуда. Ол құрмасы төмен ауыл тұрғындарына жеке кәсіп ашуға 50 миллион теңге қайтарымсыз грант бөледі.

Байқағанымыздай, стартапшылардың қолдау жұмысы жүйелі. Бірақ, соған орай талап та күшейді. Өйткені, бұған дейін кәсіпкерлер рәсімді, шағын бизнесті қолдауға бөлінген қаражатты мақсатсыз жұмсайтын жағдайлар кездескен көрінеді. Сондықтан, несие алушылардың жауапкершілігі күшейтіледі. Яғни, ол үшін жауапсыз несие алушылардың нақты тізімі жасалып, несие бөлуарына өткізілуі керек. Мәселен, наубайхана ашуға бөлінген қаржыны туысының тойына жұмсаған адам енді қайтп елшқан несие ала алмайтын болады. Ал егер несиеңің ұқыпты жұмсап, уақытында жапқан кәсіпкерге келесі жолы бизнестің одан әрі дөңгелетене қаржы берілімек.

Жаңа кәсіптерді және жұмыс орындарын ашу – дағдарысты еңсеруге және жаппай қысқартудың алдын алуға мүмкіндік береті сөзсіз. Былтырдың өзінде жалпы саны 12 мың жаңа жұмыс орны, оның ішінде 9 мың 835 тұрақты жұмыс орны құрылды. Биыл бұл көрсеткіш те стартапшылар арқасында еселенуі туссе екен дейміз.

Түйіндей келе айтармыз, осынау мүмкіндікті пайдаланып, стартапшылар кесімді дамытса, өздерінің ғана емес, елдің де әл-ауқатын көтереді.

Дәурен ОМАРОВ.

● ӨЗІМІЗДІҢ ӨНДІРІС

ТАЛАПТЫНЫҢ АЛДЫНДА ТАУ ДА АЛАСА

қарай жетілдіре түссек, жұмыспен қамтылатындар саны да арта түсер еді, - дейді ол өз әңгімесінде.

Жаналыққа құмар, заман тынысын жете сезінетін кәсіпкер бірер жыл бұрын сымнан тор тоқитын жаңа цех ашқан-ды. Оның керекті жабдықтарын Ресейден алдырды. Ал станокты іске қосатын шеберлерді Алматыдан шақыртты. Өйткені, жергілікті жерде жаңа қондырғының тілін білетіндер бола қоймады.

Шығара бастаған құрылыс өнімдері шаруа қожалықтарына, жеке адамдарға өте қажет нәрселердің бірі екен. Ауласын қоршауға, егістік пен мал қораларын бекемдеуге таптырмайды. Және де тез құрып, қайта орнын ауыстыруға да, уақытша жинап қоюға да ыңғайлы.

Ресей және шетелдерден кел -



ген тор-сеткалар қымбатқа түседі. Сондықтан базар бағасының тым шарықтамауына да мән берді.

Иә, бүгінгі кейіпкеріміздің идеясымен өз өнімін шығара бастаған жинал жасайтын, пластик терезе, есік құрастыратын цехтар тұтынушылар талабынан шығып келеді. Оларда 7 бірдей жас жігіт еңбек етіп, өзгелерге үлгі көрсетуде. Әлжановтың айтуынша, келесі кесте құнарлы өнімдер егіп, кеңсе гүлдерін өсіретін жылыжай ашуды да армандайды.

Шіелі кентінің орталығындағы екікабатты, саулетті «Нұрсәулет» құрылыс заттары сауда үйі де осы кәсіпкердің иелігінде. Бұрынғы жатаған үйлердің орнына ғимаратты тұрғызып, аудан орталығының көріктелуіне осылай да өз үлесін қосты. Мұнда заманға сай техникалық жабдықтар, ыдыс-аяқ, ауыз су, ас үй жабдықтары, эмалиды сырлар, тұрмыстық заттар, электр сымдары, тұсқағаздар, су құбырлары сатылады. Тауарларды кәсіпкердің інісі Нұркен Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларынан тасымалдайды. Ірі сауда үйінде он жылдан бері қызмет

«Адам адамға – дос, бауыры, жолдас» дейтін едік ел ілгеріде, сол үрдіс Мәдениет бойында қалпына сақталған секілді. Туған-туыстардың өзі бір-біріне қарайлай алмайтын мына нарықтың алашапқынында оның көмегін көргендер жетерлік. Өзі де мүмкіндігінше, алдына келген кісіні риза еткісі келеді де тұрады. Оқшы ата атындағы орталық мешітке, «Мектепке жол ақиясы» бойынша 3 мектепке, бірнеше мүмкіндігі шектеулі жанға қол ұшын берді. Балабақша басшыларының кейбірі келіп, оның шарапатына бөленгені бар. Сүттіқұдық ауылындағы мешіт, мектеп, спорт мектептеріне тұрақты түрде толықтай көмек беріп отырады. Талантты балалардың спорт пен өнер жолына түсуіне де ықпал жасай-тыны бар. Елдің шексіз алғысына бөленген кәсіпкер жігіт жары Гаухар екеуі жас болса да, қыз ұзатып, келін түсіріп те қызыққа бөленуде.

Иә, нарық заңдылықтарынан адами қасиеттерімен толықтырып бауырымыз көпке осындай өнегесімен үлгі көрсетіп келеді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шіелі ауданы.

МЕРЕКЕДЕ ҮШ КҮН ДЕМАЛЫС БЕРІЛЕДІ

Қазақстандықтар 8 наурыз мерекесінде 3 күн демалады. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің ресми сайтында хабарланды. Үкімет қаулысына сәйкес, 7 наурыз жұмыс күні 5 наурызға (сенбіге) ауыстырылды. Сонымен 7,8,9 наурыз демалыс күні болып белгіленді.

«Үкімет қаулысына сәйкес, ресми қызмет ететіндер мен қызметкерлердің қолайлы демалысы үшін және жұмыс күнін тиімді пайдалану мақсатында 5 наурыз күнгі демалыс күні 7 наурызға ауыстырылды», —

делінген хабарламада.

Еңбекпен қамтылған ұйымдар мен қажетті өнімдерді шығаратын материалдық, қаржылық ресурстар және қаржылық қызмет көрсететіндерге, құрылыс нысандарында жұмыс істейтіндерге көсіпалқ келісіммен жұмысты 2016 жылдың 7 наурызында бастауына құқық беріледі.

Аталған жұмыс күні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

САЙЛАУ – 2016

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІ ӘЛІ ДЕ НАҚТЫЛАНАДЫ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Абайбек Жүнісов, орынбасары Қорғанбек Қайроллаұлы және хатшысы Аяғез Сырлыбаева журналистерге арнап брифинг өткізді.

– 2016 жылғы 20 наурыздағы Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарын сайлауды облыс бойынша 9 аумақтық, 29 облыстық округтік, 118 аудандық және қалалық округтік сайлау комиссиялары, сонымен бірге 350 сайлау учаскелері қамтамасыз ететін болады, – деді А.Жүнісов. – Олардың 24-і арнайы жабық сайлау учаскелері, яғни оның 13-і қаланың емдеу мекемелерінде: перинаталдық орталық, қалалық перзентхана, жұқпалы аурулар ауруханасы, наркологиялық орталық, т.б., 2-і әскери бөлімдерде, 1-і уақытша ұстау изоляторында және 8-і шалғай мекендердегі вахталық қоныстарда орналасқан.

2016 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша барлығы 405736 сайлаушы болса, заңға сәйкес дауыс беру күніне 20 күн қалғанда, яғни 29 ақпанда сайлаушылардың тізімі нақтыланатын болады. 2016 жылғы 19 ақпандағы түнгі сағат 24-00-дегі жағдай бойынша облыста мәслихаттар депутаттығына барлығы 498 кандидат ұсынылды. Олардың 22-сі өтініштерін қайтарып алды, 438 кандидаттың құжаттары тіркелді. Кандидаттардың 95-і облыстық мәслихатқа (орташа жасы – 49), 337-сі аудандық мәслихаттарға, (орташа жасы – 45), 66-сы қалалық мәслихатқа (орташа жасы – 42) үміткер. Облыс бойынша кандидаттардың орташа жасы 45-ті құрайды.

Облыстағы мәслихаттардың 147 мандатына саяси партиялардан 153 кандидат ұсынылып, 137 кандидат тіркелген. Соның ішінде “Нұр Отан” партиясынан 147 кандидат, “Ауыл” ХДПП – 2 кандидат, “Ақжол” ҚДП – 1, ККХП – 3 кандидат, 2 қоғамдық бірлестіктер – 2 кандидат және 341 кандидат өзін-өзі ұсынып, оның 267-сі тіркелген.

Қазіргі сәтте кандидаттардың басым көпшілігі Жаңақорған ауданында (74 адам, 1 мандатқа 4 адамнан), Қармақшы ауданында (58 адам, 1 мандатқа 3,7), Қызылорда қаласында (99 адам, 1 мандатқа – 3,5) ұсынылды. Ұсынылған кандидаттардың 4-і партияға мүшелігін көрсетпеген, 152 кандидат “Нұр Отан” партиясының мүшесі, 3-і “Ауыл” ХДПП, 1-і – “Ақжол” ҚДП, 3-і – ККХП мүшесі, 335-і – партияда жоқ. Кандидаттардың 494-і – қазақтар, 2-і корей ұлтынан. Ер адамдар – 397 (79 пайыз), әйелдер – 101 (21 пайыз).

Ортасайлауком бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеу 23 ақпанға дейін жүргізіледі. 20 ақпаннан бері саяси партиялар үшін 18 наурыз сағат 24.00-ге дейін созылатын сайлауалды үгіт науқаны басталды. Барлық үгіттік баспа мате-

риалдарында оны шығарған ұйым, басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Үгіттік баспа материалдарын ел аумағынан тысқары жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға, үгіт материалдарын ескерткіштерге, ескерткіш тұғырларға, тарихи-мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар үйлер мен ғимараттарға, сондай-ақ, дауыс беруге арналған үй-жайларға іліп қоюға тыйым салынады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, БАҚ редакцияларының лауазымды адамдарының сайлауды БАҚ арқылы көрсетуіне құқығы жоқ. Үгіт кезеңінде саяси партиялар мен кандидаттардың сайлауалды іс-шараларды ұйымдастыруына және өткізуіне рұқсат етіледі. Бірақ заңнамаға сәйкес осы тәрізді іс-шаралар өткізу үшін 10 күн бұрын жергілікті атқарушы билік органдарымен келісілуі тиіс.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдары Сайлау туралы заң талаптарын бұзса, кандидаттарды тіркеу туралы шешім күшін жояды. Сайлау туралы заңның ережелерін бұзғандарға заңмен белгіленген жауапкершілік қолданылады.

Үгіт жүргізу кезеңінде жергілікті атқарушы органдар үгіт материалдарын орналастыру үшін уақытылы түрде орындар белгілеп, оларды стендтермен, такталармен, тұғырлықтармен жарактандырады. Сондай-ақ партиялар мен кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін шарттық негізде үй-жай беруі қажет. Үй-жайларды беру шарттары барлық партиялар мен кандидаттар үшін бірдей және тең болуы тиіс.

Кандидаттарды тіркеу 23 ақпанға дейін созылады, ал 24 ақпаннан бастап мәслихаттар депутаттығына тіркелген барлық кандидаттар үгіт жұмысына кірісе алады. Сайлау процесіне қатысушылар, сондай-ақ байқаушылар, оның ішінде шетелдік байқаушылар тарапынан алдағы сайлауға жоғары қызығушылық танытып отыр. Ортасайлауком Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша 22 елден 52 халықаралық байқаушыны аккредиттеді. Шетелдік сарапшылардан басқа, алдағы сайлауға отандық ҰЕҰ-лар да тәуелсіз байқау жүргізеді. Осы процеске қатысуға Сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия құрылып, оның облыстық филиалы да өз жұмысын бастады. Бүгінде сайлау комиссияларының төрағалары мен хатшыларына арналған оқу семинарлары өткізілуде.

Брифинг соңында облыстық сайлау комиссиясының өкілдері журналистер тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ЗАҢДЫЛЫҚТАР АЯСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Жуырда Сырдария ауданында саяси науқанға орай «Сайлау заңдылықтары және сайлауды ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізілді. Жиынға қатысқан учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, олардың орынбасарлары мен хатшыларына сайлау заңдылықтары таныстырылды.

«Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде қателіктерге ешқандай жол берілмеуі тиіс. Болашақ кемшіліктің өзі оған нұқсан келтіруі ықтимал» - деген Сырдария аудандық сотының төрағасы А.Абдулла саяси науқан кезінде азаматтардың конституциялық құқығы бұзылса, сотқа жүгінуіне болатынын атап көрсетті. Сондай-ақ, төраға комиссия мүшелерінің науқандық өткізілу тәртібі мен заңдылықтарын білу қажеттігін айтты.

Мұнан соң облыстық прокуратураның бөлім прокуроры Ә.Базарбаев «Сайлау

заңдылығы және оны бұзушылықтың жауапкершілігі» жөнінде хабарлама жасады. «Алдағы міндетіміз сайлаудың ашықтығы мен айқындылығына қол жеткізу», – деді ол.

Сайлауалды үгіт кезеңінде де мән беретін мәселелер көп. Шара соңында қатысушылар сұрақтарға жауап беріп, білімдерін пысықтады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

Сырдария ауданы.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚАЗАҚСТАН-ЕУРООДАҚ

жаңа байланыстар белесі

Өткен жылғы Қазақстанның сыртқы саясаттағы маңызды жетістіктерінің бірі Еуроодақпен арадағы жасалған Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық жөніндегі келісім болды. 2015 жылдың 21 желтоқсанында Астанада қол қойылған келісім жаңа қатынастар дәуіріне қол ашты. Айта кету керек, бұл келісімге келу жөніндегі келіссөздер бірнеше жылға созылды және Қазақстан посткеңестік елдер арасынан осындай келісімге бірінші болып қол жеткізді. Бұл құжат барлық саладағы тереңдетілген қарым-қатынастың заңды платформасы саналады. Осындай келісім жасау туралы бастама Елбасымыз тарапынан сонау 2006 жылы көтерілген болатын.

Жаңа келісім 29 саланы қамтиды. Оған халықаралық, өңірлік қауіпсіздік, қарусыздану секілді саяси мәселелермен қатар сауда-экономикалық инвестиция, инфрақұрылымды дамыту сияқты экономикалық бағыттар кіреді. Құқықтық саладағы қатынастар, логистік, ұйымдасқан қылмысқа және коррупцияға қарсы күрес мәселелер маңызды орын алады. Сондай-ақ инновация, мәдениет, спорт, туризм секілді басқа да бағыттар бар.

Қазақстан мен ЕО арасындағы байланыстың табысты дамуы негізінде мықты экономикалық іргетас жатыр деуге болады. Сондықтан бұл салаға аса маңыз берілетіні белгілі Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері Еуроодақ еліміздің жетекші сауда және инвестициялық әріптесіне айналды. ЕО бұл жолда Қытай мен Ресейді басып озды. Еуропаның үлесіне сыртқы сауда айналымының жартысы тиесілі және біздің еліміздің экономикасына тікелей құйылып жатқан инвестицияның 50 пайызынан астамына ие. 2005 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта ЕО елдерінен Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі шамамен 105 млрд долларды құрайды (тартылған барлық шетелдік тікелей инвестиция көлемі 215 млрд доллар). 2015 жылы Қазақстан мен ЕО арасындағы сыртқы сауда көлемі 30 млрд доллардан асты. Бұл осы кезеңдегі барлық сыртқы сауда көлемінің 50,4 пайызы.

ҚР мен ЕО арасындағы Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді Қазақстанның ДСҰ-ға және Еуралық экономикалық одаққа мүше болу жағдайы толығымен ескерілген. Энергетикалық секторға барынша маңыз беріле отырып, Еуропа елдерімен «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы, сондай-ақ индустриялық инновациялық дамудың екінші кезеңі шеңберінде тығыз байланыс орнату көзделген. Күн тәртібінде еуропалық компаниялардың Қазақстанның өндірісі мен инфрақұрылымының маңызды салаларын қайта жаңғыртуды қатысуы және озық технологияларға инвестиция жасау, біріккен кәсіпорындар құру тұр.

Ұлт Қошбасшысы-Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында экономика өсімі мен экс-



порт көлемін ұлғайту, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін қамтамасыз ету туралы ауқымды тапсырмалар қойғаны белгілі. Осы міндеттерді орындауда жоғарыда аталған келісімді тиімді жүзеге асыру зор роль атқармақ. Бұл келісім қазақстандық және еуропалық кәсіпкерлердің табысты жұмыс істеуіне жағдай жасайтын құрал саналады.

Энергетика және озық технологиялар саласындағы ынтымақтастық жасауға «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу үлкен мүмкіндіктер береді деп күтілуде. Астана мен Брюссель энергетикалық диалог форматын бірқатар бағыттарда өрбітуде. Мәселен, энергоүнемдеу мен энерготімділікті арттыру, қайта қалпына келтірілген қуат көздерін пайдалану, атом қуатын бейбіт мақсаттарда пайдалану, электрэнергетикасын және таза энергетикалық технологияларды дамыту бағыттарында өрбиді.

Трансконтинентальдық көлік маршруттарын дамыту Қазақстан мен ЕО арасындағы байланысқа аса қарқын беретін болады. Еуразия орталығында және тарихи Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан транспорттық-транзиттік желілерді – автомобиль, теміржол, құбырлар, әуежайлар, логистикалық түйіндер желілерін дамытуда. Біздің еліміз ЕО-ның «Еуропа-Кавказ-Орта Азия» (ТРАСЕКА) транспорттық жобасына қатысады.

Еліміздің ДСҰ-ға мүше болуы еуропалық компаниялардың Қазақстандағы жұмысын жеңілдетеді және еліміздің Еуропа мемлекеттерімен сауда-экономикалық белсенділікті арттырады. Әріптестік ынтымақтастық сондай-ақ парламенттер және үкіметтер, министрліктер мен мекемелер, қоғамдық және мәдени ұйымдар, жоғары оқу орындары мен зерттеу институттары арасында кең көлемде дамитын болады. Бүгінде мыңдаған қазақстандық студент ЕО елдеріндегі жоғары оқу орындарында «Болашақ» бағдарламасы аясында білім алуда, тәжірибелерден өтуде. Қазақстан 2010 посткеңестік елдер арасында алғашқылардың бірі болып, Болон процесіне қосылды. ЕО-ның «Горизонт-2020» бағдарламасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Бүгіндері қазақстандық ғалымдар бағдарлама аясындағы байқауларға қатысуда.

Тұрақты өркендеп келе жатқан біртұтас ЕО-мен ұзақмерзімді ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық мүдделеріне, еліміздің 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясында алға қойған мақсаттарына сай келеді. Еуроодақтың әртүрлі салалардағы үлкен тәжірибесін және зор қуатын ескере отырып, Астана ЕО-ның Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуіне қолдау көрсететінін сеніммен айтамыз.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ

Қызылөзек ауылдық округінің мәдениет үйінде облыстық Ассамблея хатшылығы мен «Қоғамдық келісім» орталығының ұйымдастыруымен «Үлкен Ел-Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасын насихаттау және түсіндіру мақсатында «Бірлігіміз жарасқан» атты жиын өтті.



ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ЖЕМІСТІ БАСТАМАЛАР

Оған орталық директорының орынбасары Асылбек Жұмабаев, өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Ашур Хамидов, «Славяне» этномәдени орталығының төрайымы Г. Щербакова және өзге де этномәдени бірлестік белсенділері мен жергілікті өнерпаздар қатысты. Шараны Асылбек Жұмабаев ашып, «Үлкен Ел-Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасының маңыздылығына кеңінен тоқталды.

Кеш барысында шешен, татар, «Славяне» этномәдени бірлестігі мүшелерінен құралған өнерпаздар түрлі ұлт өкілдерінің әнін шырқап, биін биледі. Сонымен қатар Қызылөзек ауылы әкімінің міндетін атқарушы Е.Нұржанов бірқатар этномәдени бірлестігінің жетекшілері мен белсенділерін Алғыс хатпен марапаттады. Қызықты өрбіген кеш қатысушыларға әсерлі көңіл-күй сыйлады.

Қаладағы № 4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепте «Үлкен Ел-Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында «Саламатты елдің салауатты жастары» атты спорттық сайыс болып өтті.

Шараны облыстық Ассамблея хатшылығы мен «Қоғамдық келісім» мекемесі ұйымдастырды. Жастар арасындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау және бірлік, достықты дәрiптеу сайыстың басты мақсаты болып табылды. Оған облыстағы түрлі этнос өкілдерінен құралған төрт команда қатысып, өзара бақ сынасты.

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР МІНСІЗ БОЛУЫ ТИІС

Қантар айынан бастап «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы қолданысқа енгізілгені белгілі. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыруға негіз болатын құжаттың қызметкерлерге қояр талабы бұрынғыдан өзгеше.

Өткен аптада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен облыстағы жергілікті және аумақтық органдардың персоналды басқару қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет саласындағы заңдылықтарды іс жүзінде қолдануды түсіндіру мақсатында «Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі»

тақырыбында семинар өткізілді. Шара барысында департамент басшысының орынбасары – Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Б.Байхожаев мемлекеттік қызметшілердің «Әдеп» кодексі мен әдеп жөніндегі уәкілетті институт енгізудің негізгі ережелерін түсіндіріп, жанадан құрылған министрліктің жұмыс бағыттарына тоқталып өтті.

Сондай-ақ, департаменттің басқарма басшысы Г.Ілкібаев мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша заңнамадағы өзгерістерге толығырақ тоқталып, оның ашық конкурстық іріктеуді қамтамасыз етуге, біліктілік негізінде мансаптық өсуге, мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауға ба-

ғытталғанын айтты. Өз кезегінде облыс әкімі аппаратының кадр жұмысы бөлімінің басшысы Е.Байқоров Мемлекет басшысына мемлекеттік қызмет бағытында қойылған міндеттерді жүзеге асыру мәселелері бойынша уәкілетті органмен ынтымақтастық орнатуға дайын екендігін жеткізді.

Іс-шараға қатысушылар мемлекеттік қызмет саласындағы реформаларға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелеріне қатысты сұрақтарды талқылап, оны іске асыру жөнінде өз ойларымен бөлісті.

Нағымжан САУЯЕВ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілер тарапынан Әдеп кодексінің талаптары, мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызмет көрсету заңнама талаптарының бұзылуы туралы 8 (7242) 230852 сенім телефонына хабарлауға болатындығын назарларыңызға жеткізеді.

Сондай-ақ, аталған телефон арқылы қажетті консультация алуға болады.

ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАЛАР:

Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Ілкібаев Ғалымжан Маратұлы
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы Нұртаев Талғат Мұхамбетжанұлы
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Әбілдаев Қуаныш Әділбайұлы
Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Примова Толқын Нұрланқызы

САЛЫҚ

ЖАҢА КОДЕКС ӘЗІРЛЕНУДЕ

Қазіргі уақытта ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті жанынан құрылған жұмыс тобы біріктірілген Салық және Кеден кодексін әзірлеуде. Кодексті әзірлеудегі мақсат салықтық және кедендік рәсімдерді біріздендіру, оларды жетілдіру және салық төлеушілер мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін оңайлату болып табылады.

Кодексті әзірлеу процесіне сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың, салық төлеушілердің, бизнес-қоғамдастықтар өкілдерінің және де басқа да мүдделі тұлғалардың белсенді қатысулары маңызды. Осы мақсатта комитеттің сайтында арнайы форум құрылды, ол арқылы жұмыс тобы кодекс жобасын әзірлеу бойынша түскен ұсыныстарды, тілектер мен ескертулерді қарастырады, талдайды және талқылайды.

Форумда салық есебін жүргізу қағидасы, корпоративтік табыс салығы, бірлескен қызметке салық салу, сенімгерлік басқару кезіндегі салық салу, арнайы экономикалық аймақтардағы салық салу, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, халықаралық салық салудың ерекшелігі, қосылған құн салығы, қосылған құн салығын жою отырып сатудан алынған салықты енгізу, акциздер, жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу, меншік салығы (мүлік салығы, жер салығы), көлік құралдарына салық (бензинге акциздің артуымен көлік салығын жою қарастырылады), бюджетке басқа да міндетті төлемдер (мемлекеттік баждар, төлемақы және алым), қате төленген сомаларды қайтару, артық төленгенін есепке жатқызу, камералдық бақылау, салық төлеушілердің тіркеу есебі, салықтық қызмет көрсету, салық есептілігінің нысаны, бақылау-қасса машиналар, кедендік бақылау, кедендік декларациялау және

кедендік рәсімдер, тарифтік және тарифтік емес реттеу (кедендік төлемдер), кеден маңы саласы жайлы кеңінен айтылды.

Аталған бағыттар бойынша салық және кеден заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау үшін Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалын, бизнес-қауымдастығы өкілдерін тарту арқылы 3 ай көлемінде әр аптаның бейсенбі күні кездесу өткізу шешімін қабылдады. Әр кездесудің спикерлері белгіленді, айтылған ұсыныстар мен пікірлер келесі жұмыс күні көлемінде Мемлекеттік кірістер комитеті жанындағы жұмысшы тобының арнайы модераторларына жеткізіледі.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде 18 ақпан күні алғашқы кездесу өткізілді. Қатысушыларға комитеттің порталына тіркеліп, өз ұсыныстарын жолдаудың тәртібі көрсетілді. Кездесуде облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілі Г.Таңатова, облыстық кәсіпкерлер ассоциациясының атқарушы директоры К.Жанғабылова және облыстық тұтынушылар құқығын қорғау қоғамының төрағасы С.Теңізбаевтар кәсіпкерлерге тиімді болуы жағынан өз ұсыныстарын білдірді.

Барлық қатысушыларға әр бейсенбіге белгіленген кездесулердің тақырыптары, спикерлері туралы мәліметтер таратылды.

Б.ОРДАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру басқармасының бас маманы.

Адам баласының қартаюуы – табиғи заңдылық. Пенденің қалауынсыз-ақ өзінің табиғи жолымен жетер кәрілік кезең ел аузында: «Ат мініп, атан жетелеп, келмейді, сірә, кәрілік. Күтпейді оны көпшілік, сағынып не тарығып» деп сипатталады. Осы орайда біз өмірдің сән-салтанаты мен тұлғаның түр-түсінің әдемілігі емес, адамның сана-сезімінің әдемілігі жайлы ой қозғамақпыз. Ол үшін қандай өмір сүргенің емес, өмірден не көріп, не түйгенің маңызды.

ӘДЕМІ ҚАРТТЫҚ – БІР БАҚЫТ

Қартаюу табиғи құбылыс болғандықтан бәріміз де қартаймыз. Бастысы, әдемі қартайа білу. Ғылым тілінде қартаюу – биологиялық үдеріс, белгілі бір жасқа жеткен соң адам ағзасы мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуі. Қарттықты тері жұқарады, қатпарланып, әжімдер пайда болады, шаш ағарып сирейді, көздің көруі, құлақтың

тыны бағындырған асыл әже балаларының ғана емес, күллі жұрттың ықыласына бөленіп, ардақтысына айналып отыр. Қашан барсан да дастарханы жаюлы, немере-шөберелері жанында жайма шуақ, пейілі даладай кең анамыз отбасы, ошақ қасы емес, елдіктің, бірліктің, еңбектің дастанын жырлайды. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді ападан

баласының әдемі қартайа білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін әр сөзіне тұздық ететін. Бұрындары оның бұл қылығына күле қарап, “кәрі адамға әдеміліктің не қажеті бар?” деп ойлайтынмын. Алайда, әкемінің сөзінің жаны бар екен. Оны есейе келе ұқтым. Иә, әдемі қартаю оңай емес. Ұрпақ алдында сүйкімінді кетірмей, қадірінді сақтай білу – үлкен сын. Ақсақал болу жетпіске жету емес, ғұмырың түзу болуы тиіс. Өз төрінен төмендемей, сыны мен сыйын қашырмай, әдемі қартаю – өнеге. Қарттық – кісіліктің төресі саналады. Қарттары сыйлы елдің ынтымағы жарасып, бірлігі берік, берекелі болады.

Халқымыздың түсінігінде, ақсақал – өмірлік тәжірибесі мол, ел тарихын, рулар мен тайпалар шежіресін, ұлттық салт-сананы, әдет-ғұрыпты, жоралғы-қағиданы жетік білетін, қадірлі адам. Ал ақ жаулықты әже ертегі-аңыздарың, жыр-дастандарың айтты, немере-шөберелерің рухани жағынан сусындатушы болған. Бастысы, дінді екі дүниеде де адам рухын демеуші деп санаған, аталастарының басын біріктіріп қауымдастырған, балаларына қазық қағидаларды, салт-дәстүрді, жол-жоралғыны қатаң тәртіпте іске асыртқан, ақ адал еңбекке баулыған ата-бабаларымыздың ізімен жүруші ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелеріміз әрдайым аман болсын. Барлығымызға әдемі қартаюды жазсын.

Гүлхан ЯХИЯЕВА,
ҚМУ-дың студенті.



ЖЕМЕР ҚЫЗ

Бүгінде қолынан іс келетін, он саусағынан өнер тамған жандар жетерлік. Қолөнердің қыр-сырына қаныққан олар нарық заманында тиыннан теңге құрап, нанын айырып келеді. Сүйікті ісін хоббиге айналдырып, өнімін түрлі әлеуметтік желілерде жариялайтындары бар. Әсіресе Instagram әлеуметтік желісінде сауданың көркін қыздыруға мүмкіндік мол.

Жуырда мен де аталған желіге қосылдым. Әдеттегідей суретке түстім, өңдедім, жариялады. Одан қалды достарымның әлемінде қонақтап, лүпіл басуды ұмыт қалдырмадым. Бірақ желіні парақтай келе сатылымда жүрген дүниелер көздің жауын алмай қоймады. Солардың ішінде қыздарға арналған әшекей бұйымдарды айтсаңызшы! Сәні мен салтанаты келіскен, алтынмен апталып, күміспен қапталған, сан-түрлі асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдарды көріп, дереу егесіне қоңырау шалдым. Осылайша ақша табуды емес, өзінің қолынан шыққан дүниелері арқылы адамдарға қуаныш сыйлағысы келетін еңбекқор Сая Мұқанова есімді қызбен таныстым. Бала кезінен зергерлік бұйымдарға қызығушылық білдіріп, болашақта ісмер болуды армандаған Сая қазір де сәби күнгі арманынан жырақтамай, жұмыс уақытынан бөлек тапсырыс қабылдап, тұтынушыларын

заманауи сай, түрлі дизайнды өнімдерімен қуанытып жүр.

Негізінен бұйымдарымның барлығын бүгінгі трендке сай етіп жасауға тырысамын. Әрбір бұйымды жасамас бұрын сол әшекейді тағатын қыз-келіншектің бейнесін көз алдыма елестетіп, оның келбетін қалайда аша түссем екен деймін. Қазақи дүниелерге де тапсырыс қабылдаймын. Бұл іспен басында хобби ретінде айналысып, уақыт өте келе жасаған дүниелерім Instagram желісінде бөлістім. Басында сатылымға шығаруға қысылатынымын. Алайда, уақыт өте оқырмандарымның жылы лебіздері мені қанағаттандырып, ерекше шабыт сыйлады. Осылайша аяқасты тапсырыс қабылдап, жұмысқа кірісіп кеттім. Қазіргі таңда балалар мен қыз-келіншектерге әртүрлі стильдегі білезіктер, биік тәждер, сырғалар жасаймын, – дейді ол.

Саяның қолынан шыққан дүниелердің бағасы да көңілге қонымды. Ерекше сәнді әшекей бұйымдар дайындайтын ісмер қыз Instagram желісін жарнама ретінде қолданғанына еш өкінбейді. Бізде оның қолынан шыққан әшекейлердің әрбір қыз-келіншектің қобдишасынан табылатынына сенімдіміз.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

ОРАМАЛ

Бала кезімде анамның басынан орамалын тастамайтынына таңғалатынымын. Күндегі тағатын орамалынан бөлек сандық ішінде неше түрлісі «бүгін мені так» дегендей таласып жататындай көрінетін.

Анама қымбат дүниенің бәрі сол шағын сандық ішінде, тіпті үйге келген кісіге деп сақтап қоттын тәттілерін айтсаңың! Тәттіге деген қызығушылық мені сол сандыққа жетелеп тұратын. Үйде ешкім жоқта сол сандықты ашамын. «Ішіндегі компитке бір тоятын болдым-ау» деген ойым аяқасты сол керемет орамалдарға ауып кете беретін. Ал содан қатпар-қатпар қызыл-жасылды, жарқырап жалт-жұлт еткен орамалды қызықтап отырғанда, әлгі тәттім жайына қалатын. Сол сәт үстімнен түсіп қалған анам менің балалық қызығушылығымға сүйсініп қарайтын еді.

Жұрт көңіше шешіліп кеткен орамал әкем қабағын түйіп бір қарағаннан-ақ анамның басына қона қалушы еді. Біздің үйдегі ең әдемі анам болса, басындағы орамал үйіміздегі ең керемет шуақ

шашып тұрған нұры іспеттес еді. Анамыздың орамалы үйіміздегі ең сәнді, ең қымбат, ең асыл жиһазы секілді болатын. Әкем қайтыс болып, қазасын естіген күні сол орамал өмірінде, тек бір рет қана еріксіз шешілді. Анамның басынан орамалы сыпырылып түскен сәтте ғана әкемінің өмірден кеткеніне сендім. Бала жүрегіммен сезіндім. Анам көз жасын сүрткенде, жүрегіме әкесі деген сағыншы орамалға сіңген көз жасындай сіңіп жатты.

Арада жылдар өтсе де, біздің үйде өзгермеген бір салт – анашымның басындағы орамалының түспейтіндігі. Мен үшін орамал осындай қасиетті дүние! Ол имандылықтың, ибалылықтың, кішіпейілділіктің, асылдықтың, даналықтың, ізеттіліктің, қазықшылықтың белгісі. Кейде анамның орамалдары менің назарымды аудармаса, тәттіге де, таяққа да төір елім-ау деген ой келеді. Сандықтан тәтті ұрлау сұғанақтыққа жалғасып кетсе ше?!... Ұрлықты әдет қылсам қазір кім болар едім? Мені Алла сондай жағымсыз істен сақтауына орамалды себеп етті.

Кейбір жеңгелерімнің басынан орамал көрмесем көңілім қонылтақсып қалады. Ойланайықшы, бастарыңыздан орамал шешер-де не қасірет болды, не күн туды мынау бейбіт заманда?! Орамал ұлттымыздың абыройы, беделі, ең қымбат баға жетпес байлығы, қазынасы емес пе еді...

Асыл тасты тығып, жасырып ұстамаса әркімнің қолынан табымай ма?! Аналарымыздың қадір қасиеті де солай. Ұялдың ұяты, қыздың қылығы, ананың бір шүберек орамалында. Ұялдан ұят кетсе, ұлттан ұлылық кетеді, қыздан қылық кетсе, құты қашады.

Өткенде анамның самайынан ақ шаштың көбейгенін байқап қалдым. Ана байғұс өзінің ақ шашын көріп, мен қиналмасын деп сол бағғы әдемі орамалымен жасыра қойды.

Анамның басындағы орамалы ұзақ жүрсе екен. Өзіңіздің ісіңіз сінген, дақ түспеген, ешқашан кірлемейтін ақ орамалыңызды сағындым, ана!

Хадиса ЕРМЕҚҚЫЗЫ.



БАБАЛАРДАН ҚАЛҒАН СӨЗ

Мақал-мәтел – ата-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған ақыл-есіеті, мұраты, нақыл сөздері. Барлығы да өнегелі сөз мәйектері, жақсылықтың негізі, игіліктің көзі саналады. Жұырда Ж.Маханбетов ауылының “Наурыз” саяжайында орналасқан №268 орта мектепте «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты сайыс өтті. Оған «Шаңырақ» қауымдастығынан құралған 6 топ қатысты. Сайыс 5-11-сынып оқушылары арасында өтті. Оқушылар «Кім көп біледі?», «Мақал – сөздің мәйегі» және «Кім тапқыр?», «Кім жылдам?», «Ақтер болсаң ой-нап көр» сынды кезеңдерде бақ сынап, бәсекеге түсті.

Осы мектептің директоры Күміскүл Серекеева бізбен әңгімесінде: «Бұл сайысты оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, көркем сөйлеуге және жұмбақ

жасыру арқылы ойлау қабілетін жақсарту мақсатында ұйымдастырдық. Мақал-мәтелдердің жастар тәрбиесінде атқаратын маңызы зор. Олар – ерлікке, патриоттыққа, елін, жерін сүюге шақырады. Жас ұрпақты еңбекке баулиды, халқына қызмет етіп, өнегелі болуға үндейді», – деді.

Жарыс қорытындысы бойынша жылдам жауап беріп, ұтымды ой тастаған «Бәйтерек» тобы 1-орынды иеленді. Келесі жүлделі орынға «Жас қыран» тобы лайық деп танылды. Ал 3-орын «Торнадо» тобына бұйырды. Сайысты қорытқан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Қалжанова белсенді топтарға алғысын жеткізіп, Алғыс хаттар табыстады.

Гайһар ӘМІРОВА,
№268 мектеп кітапханашысы.



турнирдің жеңімпазы атанғандар 21-30 наурыз аралығында Алматы қаласында өтетін республикалық турнирге қатысатын болады.

Гүлнәр ӘБДІХАНИҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың студенті.

ДАНА ЖОЛДА ДАРА БОЛ

Еліміздің гүлденіп дамуына, халқымыздың бай-қуатты өмір сүруіне алып баратын төте жол – ұлттымыздың ғылым-білімге негізделген заманауи өндірістік технологияларды меңгеруі. Осы жылдың 15-19 ақпаны аралығында қалалық білім бөлімі мен «Дана жол» қолданбалы экономика орталығының ұйымдастыруымен «Монкап VS Импералист» интеллектуалды-экономикалық ойынынан мектепбалық турнир өтті.

«Дана жол» қолданбалы экономика орталығының экономист-сарапшысы Айдос Атай: «Бұл ойынның мақсаты – халықты экономикалық сауаттылыққа тәрбиелеу. Осы бағытта барлық аймақтарда «Қазақстанның экономикалық даму моделі» атты семинар жүргізіміз. Монкап ойынында әр елдің стратегиясын байқауыңызға мүмкіншілігіңіз бар. Ол оқушының логикалық ойлау қабілетін арттырып, шешімді тез қабылдай білуге және көшбасшылыққа үйретеді. Ойында әлемдік экономикалық үрдістер қарапайым мысалдармен жақсы түсіндірілген», – дейді.

Сайысқа облыс орталығындағы 25 мектеп-

тен 315 оқушы қатысты. Алдымен мұғалімдерге үйретіп, әр мектептен модераторлар тағайындалды. №176 мектептің мұғалімі Ақмарал Тұрыспенбетова ең үздік модератор атанды. Іріктеуден 120 оқушы екінші кезеңге өтті. Ал үшінші кезеңде 53 оқушы бақ сынады. Тартысқа толы өткен ойынның жартылай финалында 18 оқушы өнерлерін көрсетті. Ақтық ойын №217, №11, №3, №43 мектеп оқушылары арасында жалғасын тапты. 6 ойыншының арасынан үздік атанып, топ жарған №11 орта мектептің 9-сынып оқушысы А.Ғасырбек 75 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды. Халықаралық

Қаладағы “Достық” үйінде 21 ақпан – Халықаралық ана тілі күніне орай «Тілдерді үйренудің маңызды мәселелері» тақырыбында кездесу болып өтті. Оған облыс әкімі аппараты «Қоғамдық келісім» орталығының мамандары, облыстық ішкі саясат басқармасының қызметкерлері, тілдерді оқытудың өңірлік орталығының өкілдері, ҚХА мүшелері қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АНА ТІЛІ КҮНІ

Кездесудің негізгі мақсаты – еліміздегі тіл мәселесінің мазмұнын түсіндіру, насихаттау, жас ұрпақтың бойына патриотизмді және ұлттық құндылықтарды ұлықтауға баулу.

Шараны «Қоғамдық келісім» орталығының басшысы Ұәлихан Ыбыраев ашып, Халықаралық ана тілі күнінің аталу тарихына тоқталды. Өткізіліп отырған кездесудің маңыздылығын кеңінен айтты берді. Одан әрі сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасы тілдерді дамыту және әдістемелік жұмыстар бөлімінің басшысы Ләззат Есімова және Тілдерді оқытудың өңірлік орталығының директоры Нұрсәуле Мұсаева еліміз дамыған 30 елдің тарихына енуі үшін «Үштұғырлы тіл» саясатының тигізер пайдасы мен мәні жайында әңгімеледі. Сондай-

ақ, этномәдени бірлестіктің жетекшілеріне әр ұлттың ертегі және тілді оқыту құралдары секілді кітаптарды сыйға берді. Кездесу барысында “Өзбек этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ашур Хамидов және де өзге қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Сонымен қатар, жиналғандарға орталық басшысы үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру негізінде ашылған тіл үйрету курстары жайында талқылап, тіл үйрету кабинеттерімен таныстырды. Мұнда аптаның әр сейсенбі және беісенбі күндері қазақ, ағылшын тілдерін үйрету курстары өткізілетін болады. Оған тіл үйренемін деушілер қатыса алады.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

САХНАДА ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

Н.Бекежанов атындағы драма театрында 25 ақпан күні сағат 19.00-де Сәкен Жүнісовтің “Қысылғаннан қыз болды” музыкалық комедиясы болады. Оның қоюшы режиссері – Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық драма театрының режиссері Қуандық Қасымов. Ал суретшісі жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Серік Пірмаханов.

Спектакльдің басты рөлінде театрдың жас әртісі Қанат Арқабаев ойнайды. Қойылымға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Камила Әбжанова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бақытбек Алпысбай, мәдениет қайраткері Залипа Төлепова және басқалар қатысады.

МАМАН ҚАЖЕТ

Облыстық туберкулезге қарсы диспансеріне бос жұмыс орнына төмендегі маман қажет:

- Төтенже жағдай, азаматтық қорғаныс, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі инженері – 1 бірілік.

Анықтама алу үшін төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады:

Қызылорда қаласы, Қаратағай көшесі № 100, телефондары: 25-03-58, 25-03-71, факс: 25-04-96. Электронды поштасы: korda_optd@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке сот орындаушы Смат Естай Елтайұлы (лицензия №3148 21.01.2016 жыл) Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі №25/35 мекен-жайда 2016 жылдың 22 ақпанынан жұмысын бастайтынын хабарлайды. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Меншік кесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханит және аппарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмбет Табынбаев - 8724 38-234-07

Шіелі, Жаңақорған: Нұрмисан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboy.kz

Газет аттасына 3 рет, сейсенбі, беісенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009

“Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.

Ақпаратқа қатысты тапсырыс бойынша телесөз, қолжазба енгізулер және қайтарымдар.

Жарнамалар газеттің түпнұсқа нұсқасымен бірге беріледі. “АҚ” ның қызметі.

Газет редакцияның компьютер орталығында қаттылық “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Халық” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28435

Тапсырыс № 202

Электронды оқылым – 28000.